

Хромтау ауданы бойынша 2015 жылға мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Хромтау ауданының әкімдігінің 2015 жылғы 24 тамыздағы № 263 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 21 қыркүйекте № 4520 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Хромтау ауданының әкімдігінің 2016 жылғы 26 қаңтардағы № 18 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Хромтау ауданының әкімдігінің 26.01.2016 № 18 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі " Білім туралы" Заңының 6 бабының 4 тармағының 8-1)тармақшасына сәйкес, Хромтау ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Хромтау ауданы бойынша 2015 жылға мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мектепке дейінгі тәрбие және оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Н.Аспеновке жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

А.Усманғалиев

Хромтау ауданы әкімдігінің
24 тамыздағы 2015 ж. № 263
қаулысымен бекітілді

Хромтау ауданы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері

Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының
--

№	Әкімшілік-аумақтық орналасуы (аудан, город)	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының тәрбиеленушілер саны				
		Балабақша	Мектеп жанындағы толық күндік шағын-орталықтар	Мектеп жанындағы жарты күндік шағын-орталықтар	Дербес толық күндік шағын-орталықтар	Дербес жарты күндік шағын-орталықтар
1	Хромтау ауданы	1835	-	318	-	-

Кестенің жалғасы:

Мектепке дейінгі ұйымдарда қаржыландырудың жан басына шаққанда бір айдағы мөлшері (теңге)

Балабақша		Мектеп жанындағы толық күндік шағын-орталықтар		Мектеп жанындағы жарты күндік шағын-орталықтар		Дербес толық күндік шағын-орталықтар	Дербес жарты күндік шағын-орталықтар
Қалалық жерде	Ауылдық жерде	Қалалық жерде	Ауылдық жерде	Қалалық жерде	Ауылдық жерде		
23466	30995	-	-	-	-		

Кестенің жалғасы:

Мектепке дейінгі ұйымдарда ата-аналарының бір айдағы төлемақы мөлшері (теңге)

Балабақша	Мектеп жанындағы толық күндік шағын-орталықтар	Мектеп жанындағы жарты күндік шағын-орталықтар	Дербес толық күндік шағын-орталықтар	Дербес жарты күндік шағын-орталықтар
7700	-	-	-	-